

**Кеңсай ауылдық округінің Сарши ауылының "Ағайын" шаруа қожалығына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы**

*Күші жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Кеңсай ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 4 қыркүйектегі № 7 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 12 қазанда № 5232 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Кеңсай ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 16 ақпандағы № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Кеңсай ауылдық округі әкімінің 16.02.2018 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына сәйкес, Зайсан ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 309 ұсынысы негізінде Кеңсай ауылдық округі әкімі **ШЕШТІ**:

1. Кеңсай ауылдық округінің Сарши ауылының "Ағайын" шаруа қожалығының ірі-қара малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кеңсай ауылдық округінің әкімі*

*Р. Тауасаров*